

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 3 хаттамасы**

«18» 10 2024ж.

Қатысқандар:

Кеңес мүшелері:

- М.К. Улжибаева - кеңес төрағасы
- Д.К. Нажмиден - кеңес хатшысы
- С.А. Курмашева - кеңес мүшесі
- Г.И. Жайлыбаева - кеңес мүшесі
- К.Ж. Жунусов – кеңес мүшесі
- К.С. Такирова – кеңес мүшесі
- А.К. Сабиолдина – кеңес мүшесі
- Г.Б. Баулекова – кеңес мүшесі

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің нәтижелері туралы есеп. Педагогикалық әдептің жаңа құрамы мен хатшысын сайлау
2. Педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша мектепке қабылданған жас мамандармен әңгімелесу нәтижелері туралы
3. Кәсіби мәдениеттегі этикет: мұғалімнің сыртқы келбеті және педагогикалық әдептілік

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Улжибаева Манзура Кабдуахитовна тындалды. Педагогтердің әдеп кеңесінің 2024 жылғы бірінші жартыжылдықтағы жоспарына қорытынды жасап өтті. Бірінші жарты жылдықтағы жасалған жұмыстарға тоқтала келе, педагогикалық әдеп нормаларын бұзушылық орын алмағаны жайлы, қойылған міндеттер орындалғанын айтып өтті.

Педагогикалық әдеп педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды. Оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады. Қашанда педагогикалық әдеп ол басты орында болмақ, сол себепті педагог кез-келген ортада педагог болып қалуы қажет.

Біз бірінші жартыжылдықта 2 отырыс өткіздік. Осыған дейінгі өткізілген 2 отырыста әр түрлі мәселелер қаралды. Атап айтсақ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024 жылға арналған қызмет жоспарын әзірлеу және бекіту
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024 жылға арналған отырыстары
3. Педагогикалық этика кеңесінің жылдық жоспарымен таныстыру
4. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға педагогтерді тарту

6. Педагог және ата-ана арасындағы әдеп Бүгінгі отырысымыз бірінші жартыжылдықтағы ұйымдастырылған жұмыстарды қорытындылау болып табылады. Осы сұрақтардың барлығы ортаға салынып, талқыланды. Жалпы кеңес жұмысы өз деңгейінде жұмыс атқарды.

Қаулы етті:

Кеңестің бірінші жартыжылдықтағы жұмыстары қанағаттанарлық деп танылып, әрі қарай педагогикалық әдепті сақтау бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша іс-шаралар үнемі өткізілсін. Педэтика нормалары педагогтер арасында қатаң сақталсын.

Педагогикалық әдеп кеңісі құрамының өзгеруіне байланысты «С.Асфендияров атындағы ЖББМ» КММ-сі 2024 жылғы қыркүйегіндегі Педагогикалық әдеп кеңесін құру туралы № 226 бұйрығына келесі редакцияда өзгерістер енгізілсін:

1. Педагогикалық әдеп кеңесі төмендегі құрамда құрылсын:

Кеңес төрағасы:

1.1. Улжибаева Манзура Кабдурахитовна – орыс тілі мұғалімі;

Кеңес мүшелері:

1.2. С.А. Курмашева – білім бөлімінің бас маманы;

1.3. Г.И. Жайлыбаева – зейнеткер ұстаз (келісім бойынша);

1.4. К.Ж. Жунусов – таоих пәні мұғалімі;

1.5. К.С. Такирова – орыс тілі мұғалімі;

1.6. А.К. Сабиолдина – қалалық кәсіподақ төрайымы;

1.7. Г.Б. Баулекова – «Білім» кәсіподағының төрайымы;

Кеңестің қазіргі құрамы талқыланып, жаңа құрамды сайлау бойынша ұсыныстар жасалды. Сондай-ақ, хатшы қызметін атқаратын тұлғаны анықтау мәселесі көтерілді.

Қаулы етті: Педагогикалық әдеп кеңесінің жаңа құрамы бекітіліп, хатшы лауазымына Д.Қ.Нажмиден сайлансын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық кеңес мүшесі Күміс Султановна Такирова тыңдалды:

Педагогикалық әдеп деген не және ол нені қамтиды? Ол мұғалімнің мектептегі оқушылар мен ата-аналар алдындағы этикалық жауапкершілігі. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынаста әдептілікті сақтау. Сыйластық және сенім қалыптастыру. Оқушының тұлғалық ерекшеліктеріне құрмет көрсету және кемсітпеу. Ата-аналармен әдепті қарым-қатынас орнату. Ата-аналармен байланыс кезінде педагогикалық әдепті сақтау маңызды. Педагогикалық әдеп ережелерін сақтау арқылы оқушыларды тәрбиелу керек. Әр түрлі жағдайларда әдепті сақтау керек.

Сөз сөйледі:

К.Ж. Жунусов:

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп


нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Г.И.Жайлыбаева:

Педагог сөйлеу мәдениетін сақтана отырып, педагогикалық әдепті үнемі сақтап жүруі керек. Әдеп сақтай отырып, жан-жағын қоршаған ортаға үлгі болары анық. Сол себепті ата-анамен жұмыс барысында ең алдымен әдеп бірінші орында болуы қажет. Педагогтің сөйлеген сөзіне, іс-әрекетіне қарай ата-ана да оң көзқарасын білдіреді.


Қаулы етті: педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар жиі өткізілсін

Төраға:



М.К.Улжибаева

Хатшы:



Д.Қ.Нажмиден